

Жаңа ғимараттар мен құрылысжайларды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған жобаларға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 15 мамырдағы № 240 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 18 мамырда № 38739 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасы Құрылыс кодексі 24-бабының 10) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Бекітілсін:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Жаңа ғимараттар мен құрылысжайларды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған жобаларға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар);

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізбесі.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері жөніндегі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

5. Қағидалардың 38-тармағы 2028 жылғы 1 шілдеден бастап мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"38. Құпиялық белгісі бар немесе "Қызмет бабында пайдалану үшін" белгісі бар құрылыс жобаларын қарау кезінде ЖСҚ-ның қағаз түріндегі түпкілікті нұсқасы тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), лауазымы, сертификаттың нөмірі және берілген

күні көрсетілген сарапшылардың мөрімен куәландырылады және құрылыс жобасының ведомстводан тыс кешенді сараптамасы аяқталғаннан кейін бақылау архивтік данасы ретінде Тапсырыс берушіге қайтарылады."

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрі

Е. Нағаспаев

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс
Министрінің
2026 жылғы 15 мамырдағы
№ 240 Бұйрыққа 1 қосымша

Жаңа ғимараттар мен құрылысжайларды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған жобаларға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы жаңа ғимараттар мен құрылысжайларды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған жобаларға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидалары Қазақстан Республикасы Құрылыс Кодексінің 24-бабы 10) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидалар:

жаңа ғимараттар мен құрылысжайларды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған жобаларға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу тәртібін;

аяқталмаған құрылыс немесе өз бетінше салу объектілері бойынша құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуді;

ерекше реттеуді және (немесе) қала құрылысы регламентациясын талап ететін жекелеген құрылыс объектілерін салуға арналған жобалау-сметалық құжаттаманы кезең-кезеңмен әзірлеудің және келісудің жеке жоспарын әзірлеу мен бекіту тәртібін;

сарапшылардың қолдауы тәртібінде құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуді айқындайды.

3. Қағидалар Кодекстің 103-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге қолданылады.

4. Кодекстің 98-бабының 4-тармағында көрсетілген құрылыс объектілері, сондай-ақ ғимараттар мен құрылысжайларды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік

коммуникацияларын салуға арналған техникалық-экономикалық негіздемелер құрылыс жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасынан өтуге жатпайды.

5. Құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптаманың бір бөлімі (бөлігі) болып табылатын жобалардың санитариялық-эпидемиологиялық сараптамасын жобалау саласындағы сарапшылар жүзеге асырады.

6. Жобалау-сметалық құжаттаманы (бұдан әрі – ЖСҚ) әзірлеу құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысын алғаннан және ЖСҚ бекіткеннен кейін аяқталды деп есептеледі.

Ведомстводан тыс кешенді сараптамаға жататын, бірақ одан өтпеген және оны бекітуге ұсынымы бар құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысын алмаған құрылыс жобалары одан әрі іске асырылуға жатпайды.

2-тарау. Жаңа ғимараттар мен құрылысжайларды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған жобаларға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу тәртібі

Параграф 1. Құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге құрылыс жобаларын ұсыну және қабылдау

7. Құрылыс жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасы жобалау шешімдерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жобалау үшін бастапқы материалдар мен рұқсат беру құжаттарының талаптарына, жобалау тапсырмасына сәйкестігін (сәйкессіздігін) анықтау, сондай-ақ жобалау шешімдері мен есептеулерінде қала құрылысы және техникалық регламенттерінің ережелерін, мемлекеттік нормалар мен ережелердің және мемлекетаралық нормативтік құжаттар талаптарын сақтау, оның ішінде энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру ережелерін сақтау бойынша, қолданыстағы мемлекеттік немесе мемлекетаралық нормативтердің болуымен қамтамасыз етілмеген және оларды алмастыратын арнайы техникалық шарттар (ерекше нормалар) бойынша және (немесе) энергетикалық ресурстарды жобалық тұтыну шартты отынның жылына бес жүз тоннасының баламалы көрсеткішінен асатын объектілер үшін әзірленген бірегей объектілер бойынша жылу қорғау бөлігінде құрылыс жобаларының сапасына талдау және бағалау жүргізуден тұрады.

Құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу кезінде мемлекеттік сараптама ұйымы мен сараптама ұйымдары келесілерді анықтамайды:

Тапсырыс беруші ұсынған жобалау ұйымы және құрылыс жобасын әзірлеуге тартылған өзге де жеке немесе заңды тұлғалар туралы ақпараттың дұрыстығы;

жобалау ұйымдары арасында құрылыс жобасын әзірлеуге немесе түзетуге құқықтарды берудің заңдылығы.

8. Құрылыс жобаларын ұсынуды және қабылдауды оның бастапқы материалдары және құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге рұқсат беру құжаттарымен бірге Тапсырыс беруші осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген құрылыс жобаларын қоспағанда, "бір терезе" қағидаты бойынша жобаларды әзірлеуді және сараптауды ұйымдастыру үшін портал (бұдан әрі-Портал) арқылы жолдайды.

9. Құпиялылық таңбасы немесе "қызмет бабында пайдалану үшін" белгісі бар құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптаманы келесі мынадай тәртіппен ұсынады:

1) өтінімді қағаз жеткізгіште ұсыну;

2) құрылыс жобасын оның бастапқы материалдары және рұқсат беру құжаттарымен бірге-электрондық жеткізгіште ұсыну.

10. Құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізілуге жататын , бірақ мемлекеттік монополияға жатпайтын және мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылмайтын құрылыс жобаларының тапсырыс берушісі құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу үшін өз қалауы бойынша кез келген сараптама ұйымын таңдайды.

11. Құрылыс жобасының, сондай-ақ құрылыс жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасына ұсынылатын бастапқы материалдардың және (немесе) рұқсат беру құжаттарының жиынтықтылығы мен құрамы келесілерге сәйкес айқындалады:

1) жаңа ғимараттар мен құрылысжайларды, олардың кешендерін, инженерлік және көліктік коммуникацияларды салу жобалары үшін - осы Қағидалар 1-қосымшасына сәйкес;

2) қолданыстағы ғимараттар мен құрылысжайларды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын реконструкциялау, кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру жобалары үшін-осы Қағидалар 2-қосымшасына сәйкес ;

3) қолданыстағы ғимараттар мен құрылысжайларды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын күрделі жөндеу жобалары үшін-осы Қағидалар 3-қосымшасына сәйкес;

4) жобалық шешімдерді өзгертпестен бұрын бекітілген сметалық құжаттаманың құнын арттыруды көздейтін жобалар үшін-осы Қағидаларға 4-қосымшасына сәйкес;

5) бұрын бекітілген жобалық шешімдерді өзгертуді көздейтін жобалар үшін-осы Қағидалар 5-қосымшасына сәйкес;

6) аяқталмаған құрылыс объектілері немесе өз бетінше салынған құрылыстар бойынша жобалар үшін - осы Қағидалар 6-қосымшасына сәйкес.

12. Кодекстің 104-бабының 2) тармақшасында көзделген құрылыс жобалары бойынша ұсынылған құрылыс жобасының, сондай-ақ бастапқы материалдар мен рұқсат

беру құжаттарының жиынтығы мен құрамын мемлекеттік сараптама ұйымы өтінім түскеннен кейінгі келесі жұмыс күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың ережелеріне сәйкестігін тексереді.

Кодекстің 109-бабының 1-тармағында көзделген құрылыс жобалары бойынша ұсынылған құрылыс жобасының, сондай-ақ бастапқы материалдардың және (немесе) рұқсат беру құжаттарының жиынтығы мен құрамын Порталмен интеграцияланған мемлекеттік емес цифрлық жүйенің операторы өтінім түскеннен кейінгі келесі жұмыс күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың ережелеріне сәйкестігін тексереді.

13. Осы Қағидалардың 12-тармағында көзделген көрсетілген мерзім өткеннен кейін құрылыс жобасының жиынтықталмауы немесе оның құрамы бойынша сәйкессіздігі анықталған жағдайда, тапсырыс берушіге құрылыс жобасын ведомстводан тыс кешенді сараптамаға қабылдаудан бас тарту және жетіспейтін бастапқы материалдарды және рұқсат беру құжаттарын және (немесе) жобалық шешімдерді көрсете отырып, оны қараусыз қайтару туралы ресми хабарлама жіберіледі.

Құрылыс жобасының қажетті жиынтықтылығы мен құрамы расталған жағдайда Тапсырыс берушімен құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге шарт жасасу рәсімдері жүзеге асырылады.

14. Кодекстің 104 және 109-баптарында белгіленген құзыреттеріне сәйкес мемлекеттік сараптама ұйымы, сараптама ұйымдары жүргізетін құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама қарастырылып отырған құрылыс жобасын әзірлеу құнына шығындарды жатқыза отырып, шарттар негізінде жүзеге асырылады.

15. Қаржыландыру көздеріне қарамастан, мемлекеттік сараптама ұйымы орындайтын құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу бойынша сараптама жұмыстарының құны Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің міндетін атқарушының 2026 жылғы 10 сәуірдегі № 163 бұйрығымен бекітілген Құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама, сондай-ақ қала құрылысы жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау қағидаларына (бұдан әрі – Құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау қағидалары) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 38415 болып тіркелген) сәйкес белгіленеді.

16. Сараптама ұйымдары орындайтын сараптама жұмыстарының құны Құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау қағидаларына және (немесе) тапсырыс беруші мен сараптама ұйымы арасындағы шартқа сәйкес белгіленеді.

17. Мемлекеттік сараптама ұйымы жүзеге асыратын құрылыс жобасына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге арналған шарт Портал арқылы, сараптама ұйымдары Тараптардың электрондық цифрлық қолтаңбалары қойылған

электрондық шартты ресімдеу жолымен Порталмен интеграцияланған мемлекеттік емес цифрлық жүйеде электрондық нысанда жасалады.

Күпиялық таңбасы бар немесе "қызмет бабында пайдалану үшін" белгісі бар құрылыс жобалары бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге мемлекеттік сараптама ұйымымен жасалатын шарт қағаз тасығышта жасалады.

Құрылыс жобасына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жасалады.

Құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге арналған күпиялық таңбасы бар немесе "қызмет бабында пайдалану үшін" белгісі бар шарттарды қоспағанда, мемлекеттік монополияға жатқызылған құрылыс жобасына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге арналған шарт жария болып табылады.

2 параграф. Құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу

18. Осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген құрылыс жобаларын қоспағанда, мемлекеттік сараптама ұйымы Портал арқылы құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптаманы өткізеді.

19. Сараптама ұйымдары Порталмен интеграцияланған мемлекеттік емес цифрлық жүйе арқылы құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптаманы өткізеді.

20. Тапсырыс беруші шартты Портал немесе сараптама ұйымының мемлекеттік емес цифрлық жүйесі арқылы алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей, оған электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қояды.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін шартқа қол қойылмаған жағдайда тапсырыс берушіге хабарлама-ескерту жіберіледі және 5 (бес) жұмыс күні қосымша мерзім беріледі, ол өткеннен кейін тапсырыс беруші шартқа қол қоймаған жағдайда құрылыс жобасы қараусыз қайтарылады.

21. Қазынашылық органдарында тіркелуге жататын құрылыс жобасына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шартты тапсырыс беруші оны тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей қазынашылық органдарына тіркеуге жібереді. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін тапсырыс беруші қазынашылық органдарына тіркеуге жібермеген шарт күшін жояды және құрылыс жобасы тапсырыс берушіге қараусыз қайтарылады.

22. Мемлекеттік сараптама ұйымы мен сараптама ұйымдары құрылыс жобасының ведомстводан тыс кешенді сараптамасына қатысу үшін сараптама комиссияларын (сараптама топтарын) құрады, сондай-ақ мамандарды немесе мамандандырылған ұйымдарды, оның ішінде шетелдік ұйымдарды жұмылдырады.

23. Құрылыс жобасына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу барысында сараптама комиссиясының (сараптама топтарының) мүшелері:

1) тапсырыс берушілерден қажетті материалдар мен ақпаратты сұратады және алады, құжаттарды сарапшы белгілеген мерзімде ұсынады;

2) осы Қағидалардың 31, 32, 33, 34 және 78-тармақтарында көзделген тәртіппен оларды жою мақсатында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, қала құрылысы және техникалық регламенттердің, мемлекеттік және мемлекетаралық нормативтік құжаттардың тармақтарына, баптарына сілтеме жасай отырып, дәлелді және негізделген ескертулер береді.

24. ЖСҚ әзірлеу кезінде техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу талап етілмейтін және мемлекеттік инвестициялар есебінен қаржыландырылатын тұрғын үйлердің, инженерлік және көлік инфрақұрылымының, қоғамдық ғимараттар мен құрылысжайлардың жаңа құрылысының жобалары бойынша жобалауға тапсырмада Тапсырыс берушінің инвестициялық ұсынысқа құрылыстың есептік шекті құны туралы шарты белгіленеді.

Құрылыстың есептік шекті құны құрылыстағы баға белгілеу жөніндегі нормативтік құжаттарға сәйкес айқындалады және инвестициялық жобаны іске асыру үшін қаражат лимиті болып табылады.

Тапсырыс беруші құрылыстың есептік шекті құнын жинақтау сатысында инвестициялық ұсынысқа ұсынбаған кезде құрылыс жобасын мемлекеттік сараптама ұйымы қарастырусыз қайтарады.

25. Қазақстан Республикасының аумағында ұқсас объектілері жоқ құрылыс жобалары бойынша іске асырылатын, инвестициялар көлемі жүз миллион айлық есептік көрсеткіштен асатын өндірістік мақсаттағы жаңа техникалық күрделі құрылыс объектілерін, инженерлік немесе көлік инфрақұрылымының желілік құрылыстарын салуды жобалауға арналған тапсырмада тиісті салаға басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органмен келісілген қуат бірлігінің инвестициялық құнының көрсеткішін айқындау туралы тапсырыс берушінің шарты көзделеді.

Осы тармақтың ережелері ғарыштық инфрақұрылым объектілеріне, оның ішінде олардың қауіпсіздігі мен инженерлік-техникалық нығайтылуын қамтамасыз ету жөніндегі объектілерге қолданылмайды.

26. Жобалауға арналған тапсырмада тиісті салаға басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органмен келісілген қуат бірлігінің инвестициялық құнының көрсеткіші болмаған кезде құрылыс жобасын мемлекеттік сараптама ұйымы қараусыз қайтарады.

27. Тиісті салаға басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның қуат бірлігінің инвестициялық құны көрсеткішін келісуі құжаттар тіркелген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Құжаттар беру және қуат бірлігінің инвестициялық құнының көрсеткішін келісу Азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау мен өндеудің бірыңғай платформасы арқылы электрондық форматта жүзеге асырылады.

28. Құрылыс жобасына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу мерзімдерін мемлекеттік сараптама ұйымы немесе сараптама ұйымы белгілейді, бірақ олар келесі мерзімдерден аспайды:

1) 15 (он бес) жұмыс күні:

мердігердің кінәсінен құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кестесінен кешігу болмаған жағдайда жобалық шешімдерді өзгертпей сметаны қайта қарауды жүргізу туралы Азаматтық кодекстің (Ерекше бөлім) (бұдан әрі - ҚР АҚ) 655-бабының 3-тармағына сәйкес, мердігер өтініш білдірген кезде құрылыс ресурстары құнының өсуіне байланысты шарт жасалған күнге келтірілген сметалық құны кемінде он пайызға ұлғайтылатын сметалық құжаттаманы түзету жобалары бойынша;

2) 30 (отыз) жұмыс күні:

жауапкершіліктің үшінші деңгейіне жататын құрылыс объектілерін салу жобалары бойынша;

сметалық құжаттаманы есептеу әдістемесін өзгертуді көздейтін жобалық шешімдерді өзгертпей сметалық құнын түзету объектілерін салуға арналған жобалар бойынша;

3) 45 (қырық бес) жұмыс күні:

жауапкершіліктің бірінші және екінші деңгейлеріне жататын құрылыс объектілерін салу жобалары бойынша;

аяқталмаған құрылыс объектілерін салу немесе өз бетінше салу жобалары бойынша;

4) 60 (алпыс) жұмыс күні жалпымемлекеттік немесе мемлекетаралық маңызы бар құрылыс объектілерін, функционалдық мақсатына қарамастан бірегей құрылыс объектілерін салу жобалары бойынша.

29. Жүзеге асыру мерзімі 45 (қырық бес) жұмыс күні болатын құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу жағдайында сараптама жүргізу мерзімін 15 (он бес) жұмыс күніне ұзартуға жол беріледі. Мерзімді ұзарту туралы өтінішті тапсырыс беруші мынадай өлшемшарттардың бірі болған кезде 40 (қырқыншы) жұмыс күнінен кешіктірмей береді:

1) құрылыс объектісінің бірегейлігі;

2) төмендегі бір немесе бірнеше ресми құжатқа енгізілген, жалпымемлекеттік немесе мемлекетаралық маңызы бар құрылыс объектілерінің:

халықаралық шарт;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы;

Қазақстан Республикасының Президенті және (немесе) Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі немесе оның орынбасарлары берген құрылыс объектісін іске асыру жөніндегі хаттамалық және өзге де тапсырмалар.

Құрылыс жобасына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу мерзімін 15 (он бес) жұмыс күніне ұзарту мемлекеттік сараптама ұйымы сарапшысының немесе сараптама ұйымдарының ескертулері бойынша құрылыс жобасын тапсырыс беруші пысықтау мақсатында жүзеге асырылады.

30. Осы Қағидалардың 28-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу мерзімін ұзартуға жол берілмейді.

31. Құрылыс жобасына ведомстводан тыс кешенді сараптаманы 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізген кезде:

1) сарапшылар жұмыс басталған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде құрылыс жобасының барлық бөлімдерін қарайды және қолданыстағы заңнаманың және нормативтік-техникалық құжаттардың тармақтарына, баптарына сілтеме жасай отырып, негізді және дәлелді ескертулерді тапсырыс берушіге жібереді;

2) құрылыс жобасының сметалық құжаттамасы бойынша сарапшылардың ескертулері берілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тапсырыс беруші оларға толық көлемде жауаптардың берілуін қамтамасыз етеді;

3) ескертулерді жою мерзімі аяқталған күннен бастап қалған 5 (бес) жұмыс күні ішінде сарапшылар тапсырыс беруші ұсынған ескертулерге жауаптарды және оларды жою жөніндегі материалдарды қарауды, сондай-ақ сараптамалық қорытындыны дайындауды, ресімдеуді және оған қол қоюды жүзеге асырады.

32. Құрылыс жобасына ведомстводан тыс кешенді сараптаманы 30 (отыз) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізген кезде:

1) сарапшылар жұмыс басталған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде құрылыс жобасының барлық бөлімдерін қарайды және қолданыстағы заңнаманың және нормативтік-техникалық құжаттардың тармақтарына, баптарына сілтеме жасай отырып, негізді және дәлелді ескертулерді тапсырыс берушіге жібереді

2) құрылыс жобасы бойынша сарапшылардың ескертулері берілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тапсырыс беруші оларға толық көлемде жауаптардың берілуін қамтамасыз етеді;

3) ескертулерді жою мерзімі аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сарапшылар тапсырыс беруші ұсынған ескертулерге жауаптарды және оларды жою жөніндегі материалдарды қарауды жүзеге асырады;

4) қалған 5 (бес) жұмыс күні ішінде құрылыс жобасының сметалық құжаттамасын тексеру, сондай-ақ сараптамалық қорытындыны дайындау, ресімдеу және оған қол қою жүзеге асырылады.

Құрылыс жобасын қарауды жүзеге асыратын сарапшы осы тармақтың 2) тармақшасы орындалған жағдайда, бастапқы материалдар мен өзге де құжаттаманы қосымша жүктеу үшін, бірақ 25 (жиырма бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, тапсырыс берушіге Порталға қолжетімділік береді.

33. Құрылыс жобасына ведомстводан тыс кешенді сараптаманы 45 (қырық бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізген кезде:

1) сарапшылар жұмыс басталған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде құрылыс жобасының барлық бөлімдерін қарайды және қолданыстағы заңнаманың және нормативтік-техникалық құжаттардың тармақтарына, баптарына сілтеме жасай отырып, негізді және дәлелді ескертулерді тапсырыс берушіге жібереді;

2) құрылыс жобасы бойынша сарапшылардың ескертулері берілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тапсырыс беруші оларды Порталға жүктеу арқылы толық көлемде жауаптар берілуін қамтамасыз етеді;

3) ескертулерді жою мерзімі аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сарапшылар тапсырыс беруші ұсынған ескертулерге жауаптарды және оларды жою жөніндегі материалдарды қарауды жүзеге асырады;

4) қалған 10 (он) жұмыс күні ішінде Порталға құжаттаманы қосымша жүктеу мүмкіндігін бере отырып, құрылыс жобасының сметалық құжаттамасын тексеру, сондай-ақ сараптамалық қорытындыны дайындау, ресімдеу және оған қол қою жүзеге асырылады.

Құрылыс жобасын қарауды жүзеге асыратын сарапшы осы тармақтың 2) тармақшасы орындалған жағдайда, бастапқы материалдар мен өзге де құжаттаманы қосымша жүктеу үшін, бірақ 35 (отыз бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, тапсырыс берушіге Порталға қолжетімділік береді.

34. Құрылыс жобасына ведомстводан тыс кешенді сараптаманы 60 (алпыс) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізген кезде:

1) сарапшылар жұмыс басталған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде құрылыс жобасының барлық бөлімдерін қарайды және қолданыстағы заңнаманың және нормативтік-техникалық құжаттардың тармақтарына, баптарына сілтеме жасай отырып, негізді және дәлелді ескертулерді тапсырыс берушіге жібереді;

2) құрылыс жобасы бойынша сарапшылардың ескертулері берілген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тапсырыс беруші Порталға жүктеу арқылы оларға толық көлемде жауап беруді қамтамасыз етеді;

3) ескертулерді жою мерзімі аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сарапшылар тапсырыс беруші ұсынған ескертулерге жауаптарды және оларды жою жөніндегі материалдарды қарауды жүзеге асырады;

4) қалған 10 (он) жұмыс күні ішінде Порталға құжаттаманы қосымша жүктеу мүмкіндігін бере отырып, құрылыс жобасының сметалық құжаттамасын тексеру, сондай-ақ сараптамалық қорытындыны дайындау, ресімдеу және оған қол қою жүзеге асырылады.

Құрылыс жобасын қарауды жүзеге асыратын сарапшы осы тармақтың 2) тармақшасы орындалған жағдайда, бастапқы материалдар мен өзге де құжаттаманы

қосымша жүктеу үшін, бірақ 50 (елуінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, тапсырыс берушіге Порталға қолжетімділік береді.

3 параграф. Құрылыс жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасы бойынша сараптамалық қорытындылар беру

35. Құпиялылық таңбасы бар немесе "қызмет бабында пайдалану үшін" белгісі бар, олар бойынша сараптама қорытындыларын беру қағаз жеткізгіште жүзеге асырылатын құрылыс жобаларын қоспағанда, құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптаманың сараптамалық қорытындыларын тапсырыс берушіге беру Портал арқылы жүзеге асырылады.

Құрылыс жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасы бойынша тапсырыс берушіге сараптамалық қорытындылар беру құпиялылық таңбасы бар немесе "қызмет бабында пайдалану үшін" белгісі бар, сараптамалық қорытындылар беру қағаз жеткізгіште жүзеге асырылатын құрылыс жобаларын қоспағанда, Портал арқылы жүзеге асырылады.

36. Құрылыс жобасына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу нәтижелері бойынша мемлекеттік сараптама ұйымы және сараптама ұйымдары мыналарды береді:

1) қаралған құрылыс жобасын іске асыру үшін бекітуге ұсынылған оң сараптамалық қорытынды;

2) құрылыс жобасының Қазақстан Республикасында қолданылатын мемлекеттік нормативтік құжаттарға сәйкес келмеуі туралы, сондай-ақ құрылыс жобасының бастапқы материалдармен, рұқсат беру құжаттарымен және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтік құжаттармен белгіленген шарттарға немесе шектеулерге сәйкес келмеуі жойылмаған кездегі теріс сараптамалық қорытынды;

3) ҚР АҚ 655-бабының 3-тармағына сәйкес мердігер жүгінген кезде құрылыс ресурстарының құнының ұлғаюы себебінен сметалық құнын түзету жобалары бойынша құрылыс құны бұрын бекітілгеннен он пайыздан аз ұлғайған жағдайда теріс сараптамалық қорытынды;

4) егер есептелген үлестік инвестициялық шығындар жобалауға арналған техникалық тапсырмада бекітілген қуат бірлігінің инвестициялық құнының көрсеткішінен асып кеткен жағдайда теріс сараптамалық қорытынды.

Теріс сараптамалық қорытынды алынған жағдайда, қайталама сараптама түзетілген бөлімдер бойынша жүргізіледі. Қайталама сараптаманы теріс сараптамалық қорытынды берген сараптама ұйымы жүзеге асырады.

37. Түпкілікті нұсқадағы ЖСҚ жиынтығының электрондық нұсқасы Порталда жобаның тиісті бөлімдеріне немесе бөліктеріне жауапты сарапшылардың электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландыру арқылы қалыптастырылады және тиісті мемлекеттік сараптама ұйымында немесе сараптама ұйымында кемінде 5 (бес) жыл сақталады.

Жобалар бекітілгеннен кейін ЖСҚ-ның электрондық нұсқасы тапсырыс берушіде және жобалау ұйымында бақылау архивтік данасы ретінде сақталады.

Құрылыс жобалары бойынша сараптамалық қорытындыларды есепке алу және тіркеу Портал арқылы, құпиялылық таңбасы бар немесе "Қызмет бабында пайдалану үшін" белгісі бар құрылыс жобаларының сараптамалық қорытындыларын қоспағанда, оларға тіркеу нөмірлерін бере отырып жүргізіледі.

Құрылыс жобалары бойынша құпиялылық таңбасы бар немесе "Қызмет бабында пайдалану үшін" белгісі бар сараптамалық қорытындыларды есепке алу және тіркеу жеке жүргізіледі.

38. Құпиялық белгісі бар немесе "Қызмет бабында пайдалану үшін" белгісі бар құрылыс жобаларын қарау кезінде ЖСҚ-ның қағаз түріндегі түпкілікті нұсқасы тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), лауазымы, сертификаттың (аттестаттың) нөмірі және берілген күні көрсетілген сарапшылардың мөрімен куәландырылады және құрылыс жобасының ведомстводан тыс кешенді сараптамасы аяқталғаннан кейін бақылау архивтік данасы ретінде Тапсырыс берушіге қайтарылады.

39. Осы Қағидалардың 48-тармағында көрсетілген жағдайды қоспағанда, құрылыс жобасына ведомстводан тыс кешенді сараптаманың тапсырыс берушіге берілген сараптамалық қорытындысының қолданылу мерзімдері ЖСҚ-ның қолданылу мерзімдерімен айқындалады.

40. Мемлекеттік инвестициялар есебінен әзірленген жобалық-сметалық құжаттамаға немесе үлгілік жобаға ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысы берілгеннен кейін жобалық-сметалық құжаттаманың немесе үлгілік жобаның электрондық-цифрлық нысандағы түпкілікті нұсқасы Кодекстің 101-бабының 1-тармағына сәйкес Мемлекеттік құрылыс жобалары банкінде орналастырылады.

Осы тармақтың ережелері құпиялылық таңбасы бар немесе "қызмет бабында пайдалану үшін" белгісі бар құрылыс жобаларына қолданылмайды.

41. Құрылыс жобасының сараптамалық қорытындысында техникалық қателер (арифметикалық, грамматикалық, әріп қателері, қате жазулар) анықталған кезде мемлекеттік сараптама ұйымы немесе оны берген сараптама ұйымдары сараптамалық қорытындыға толықтыруды ресімдейді.

Сараптамалық қорытындыға толықтыру оның құрамдас және ажырамас бөлігі болып табылады, түзетілген техникалық қателердің (арифметикалық, грамматикалық, әріп қателерінің, қате жазулардың) сипаттамасын қамтиды.

4 параграф. Жобалау-сметалық құжаттаманы түзету

42. Мемлекеттік инвестициялар есебінен бұрын бекітілген құрылыс жобаларының жобалық шешімдеріне құрылыс объектілерін салу құнын ұлғайтуды көздейтін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажет болған жағдайларда, мемлекеттік сараптама ұйымы немесе сараптама ұйымдары өз құзыреті шегінде Қазақстан

Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен және тапсырыс беруші ұсынған негіздемелермен құрылыс жобасына көзделген түзетудің орындылығы мен негізділігін белгілейді.

Құрылыс жобасына көзделген түзетудің орындылығы мен негізділігін белгілеу үшін құжаттар мен материалдардың тізбесі осы Қағидаларға 7-қосымшада келтірілген.

43. Бұрын ведомстводан тыс кешенді сараптамадан өткен, бұрынғы жобалық шешімдерге және бекітілген негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерге әсер ететін негізделген өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілетін ЖСҚ бойынша қайталама ведомстводан тыс кешенді сараптама түзетілген бөлімдер бойынша жүргізіледі. Қайталама сараптамаға түзетілген ЖСҚ Кодекстің 98-бабына, мемлекеттік нормативтік құжаттарға және осы Қағидаларға сәйкес ұсынылады.

Орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстары бойынша ЖСҚ түзету және қайта бекіту жүзеге асырылмайды.

44. Бұрын бекітілген ЖСҚ, егер белгіленіп отырған объектіні салу басталғанға дейін немесе құрылыс барысында оған объектінің конструкциялық схемасына, оның көлемдік-жоспарлау, инженерлік-техникалық және (немесе) технологиялық жобалау шешімдеріне, оның ішінде инженерлік және (немесе) технологиялық жабдықты, негізгі материалдарды және (немесе) бұйымдарды ауыстыруды қоса алғанда, техникалық-экономикалық көрсеткіштерді өзгертетін елеулі сипаттағы өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізудің негізді қажеттілігі туындаса, түзетілуге, қайта сараптамаға және қайта бекітілуге жатады.

45. Мердігер ҚР АҚ 655-бабының 3-тармағына сәйкес сметаны қайта қарауды жүргізу туралы жүгінген кезде құрылыс ресурстарының құнының ұлғаюы себебінен шарт жасалған күнге келтірілген сметалық құн кемінде он пайызға ұлғайған кезде мердігердің кінәсінен құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кестесінен артта қалу болмаған кезде жобалық шешімдерді өзгертпестен ЖСҚ-ға түзету жүргізіледі.

46. Құрылыс процесінде тапсырыс берушіде бұрын бекітілген ЖСҚ-ға құрылыс құнының ұлғаюына алып келмейтін, бұрынғы жобалық шешімдерге және бекітілген негізгі техникалық көрсеткіштерге әсер етпейтін құрылыс кезектілігі (оның ішінде іске қосу кешендері мен кезеңдері) бөлігінде өзгерістер енгізу қажеттілігі туындаған кезде қайталама (жаңа) ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізілмейді.

47. Құрылысты ұйымдастыру жобасында белгіленген жұмыстарды бастаудың жоспарланған күнінен бастап бір жыл өткен соң конкурстық рәсімдер жүргізілмеген және тапсырыс берушінің шешімі бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын қаржыландыру көзделмеген мемлекеттік инвестициялар есебінен құрылысқа арналған объектілердің ЖСҚ сметалық бөлімі оң сараптамалық қорытынды берілген күннен кейін он екі ай өткен соң жобалық шешімдерді өзгертпей түзетуге жатады.

48. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін үш және одан көп жыл ішінде құрылысы басталмаған ЖСҚ ескірген болып

есептеледі және оны түзетуден, құрылыс жобасына қайта ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуден және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қайта бекітуден кейін іске асыру үшін пайдаланылады.

49. Бекітілген ЖСҚ-ға өзгерістер енгізу және оны құрылыс жобасына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге ұсыну жүзеге асырылады:

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушысының 2025 жылғы 28 маусымдағы № 59 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау және іске асыру, инвестициялық ұсынысты, техникалық-экономикалық және қаржылық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу немесе түзету, қажетті сараптамалар жүргізу, бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау, мемлекеттік инвестициялық жобалар портфелін қалыптастыру, сондай-ақ мемлекеттік инвестициялық жобалардың бекітілген (нақтыланған) параметрлерін түзету, іріктеу, іске асырылуын мониторингтеу және бағалау қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №212236 тіркелген) сәйкес бюджеттік рәсімдер бөлігінде;

сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы заңнамаға сәйкес құрылыс қызметі бөлігінде.

50. ЖСҚ түзету барысында құрылыс объектісінің техникалық күрделілігі өзгерген жағдайда, түзетілген ЖСҚ-ға ведомстводан тыс кешенді сараптама жаңадан әзірленетін құрылыс жобалары үшін белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

51. ЖСҚ түзету барысында құрылыс объектісінің техникалық күрделілігі өзгермеген жағдайда, түзетілген ЖСҚ-ға ведомстводан тыс кешенді сараптаманы мемлекеттік сараптама ұйымы немесе құрылыс жобасына ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысын берген сараптама ұйымдары жүргізеді.

5 параграф. Сараптамалық қорытындыларды кері қайтарып алу және сараптамалық жұмыстарды тоқтату

52. Мемлекеттік сараптама ұйымы немесе сараптама ұйымдары бұрын берілген сараптама қорытындысын мына жағдайларда осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен кері қайтарып алады:

1) тапсырыс берушінің кері қайтарып алынатын сараптамалық қорытындының қорытындыларында көрсетілген шарттарды орындамауы;

2) сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың және өзге де уәкілетті мемлекеттік органдардың актілерін, сондай-ақ мыналарды растайтын сот актілерін алған кезде:

құрылыс жобасын әзірлеу немесе құрылыс жобасына сараптама жүргізу кезеңінде бастапқы материалдарды беруге негіз болған жобалық құжаттаманы немесе мемлекеттік органның актісін әзірлеу үшін негіз болған бастапқы материалдарды өзгерту немесе жою;

құрылыс жобасын әзірлеуге негіз болған бастапқы материалдардың дәйексіздігі (бұрмалау, жалғандығы, қолдан жасалғаны және басқалары);

3) құрылыс жобасына сапасыз жүргізілген сараптама фактілерін анықтау.

53. Осы Қағидалардың 52-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайда сараптамалық қорытындыны кері қайтарып алу ғимараттардың, құрылысжайлардың, олардың бөліктерінің немесе жекелеген конструктивтік элементтерінің тұрақтылығының, сенімділігінің төмендеуіне және жоғалуына, құрылыс объектісінің пайдалану сапасының нашарлауына, қоршаған ортаға теріс әсер етуге әкеп соқтырған құрылыс жобасына сапасыз жүргізілген сараптама анықталған кезде жүзеге асырылады.

54. Осы Қағидалардың 52-тармағында көрсетілген негіздер болған кезде мемлекеттік сараптама ұйымы немесе сараптама ұйымдары негіз туындаған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Портал арқылы тапсырыс берушілерге, құрылыс жобасын әзірлеген жобалау ұйымына және құрылыс объектісін іске асыру орны бойынша сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға сараптама қорытындысын кері қайтарып алу туралы хабарлама жібереді.

55. Сәулет-құрылыс бақылауы мен қадағалауын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың және өзге де уәкілетті мемлекеттік органдардың актілері, сондай-ақ осы Қағидалардың 52-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген сот актілері алынған жағдайда, құрылыс жобасына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу барысында сараптама жұмыстары осы актілер алынған күннен бастап тоқтатылады және мемлекеттік сараптама ұйымы немесе сараптама ұйымдары Портал арқылы 3 (үш) жұмыс күні ішінде тапсырыс берушіге құны Құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау қағидаларына сәйкес айқындалатын орындалған жұмыстар актісін қоса бере отырып, ведомстводан тыс кешенді сараптама шартын орындаудан біржақты бас тартуды (шарттан бас тартуды) жібереді.

Ведомстводан тыс кешенді сараптама шартының қолданылуы мемлекеттік сараптама ұйымы немесе сараптама ұйымдары шартты орындаудан біржақты бас тартуды (шарттан бас тартуды) жіберген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні өткен соң тоқтатылады.

56. Тапсырыс беруші шартты бұзу қажеттігі туралы шешім қабылдаған жағдайларда мемлекеттік сараптама ұйымына немесе сараптама ұйымдарына сараптаманы тоқтату қажеттігі туралы ресми өтініш жібереді.

57. Осы Қағидалардың 56-тармағында көрсетілген тапсырыс берушінің өтініші бойынша сараптама жұмыстары тоқтатылған жағдайларда мемлекеттік сараптама ұйымы немесе сараптама ұйымдары және құрылыс жобасының тапсырыс берушісі Құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу жөніндегі

жұмыстардың құнын айқындау қағидаларына сәйкес құны айқындалатын орындалған жұмыстар актісін жасай отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен ведомстводан тыс кешенді сараптама шартын бұзуды ресімдейді.

58. Құрылыс жобасының тапсырыс берушісінің сараптаманы тоқтату қажеттігі туралы ресми өтініші сметалық құжаттаманы қарау сатысында берілген жағдайда, ведомстводан тыс кешенді сараптама шарты бұзылмайды және мемлекеттік сараптама ұйымы немесе сараптама ұйымдары шарттық міндеттемелерді орындауды аяқтайды.

59. Бұрын сараптамалық жұмыстар мерзімінен бұрын тоқтатылған жаңадан ұсынылған құрылыс жобасының құрылыс жобасына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу жаңадан әзірленетін құрылыс жобалары үшін белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

60. Құпиялылық таңбасы бар немесе "Қызмет бабында пайдалану үшін" белгісі бар құрылыс жобасы бойынша сараптама қорытындыларын кері қайтарып алу және сараптамалық жұмыстарды тоқтату қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады.

61. Бақылау-қадағалау іс-шараларын жүргізу мақсатында мемлекеттік сараптама ұйымы, сондай-ақ сараптама ұйымдары құқық қорғау органдарына, мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың жоғары органына, сәулет-құрылыс бақылауы мен қадағалауын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға ЖСҚ-ның түпкілікті нұсқасына және сараптамалық қорытындыларға қолжетімділік беруді қамтамасыз етеді.

3 тарау. Аяқталмаған құрылыс объектілері немесе өз бетінше салынған құрылыстар бойынша құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу

62. Құрылысы аяқталмаған объектілер немесе өз бетінше салынған құрылыстар бойынша құрылыс жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасына материалдарды ұсыну және қабылдау осы Қағидалардың 2-тарауының 1-параграфына сәйкес жүзеге асырылады.

63. Құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама мыналар бойынша жүргізіледі:

1) жергілікті атқарушы органның Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны белгіленген талаптарға сәйкес келтіру туралы шешімі немесе оларды белгіленген талаптарға сәйкес келтіру туралы заңды күшіне енген сот актісі болған кезде құрылысы бюджеттен тыс қаражат есебінен жүзеге асырылатын өз бетінше салынған немесе аяқталмаған құрылыс объектілері бойынша;

2) құрылысы толығымен немесе ішінара аяқталмаған құрылыс объектілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын құрылысы аяқталмаған объектілер бойынша.

64. Құрылысы аяқталмаған объектілер немесе өз бетінше салынған құрылыстар бойынша құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу мерзімі осы Қағидалардың 28-тармағының 3) тармақшасына сәйкес белгіленеді.

65. Құрылысы аяқталмаған немесе өз бетінше салынған объектілер бойынша құрылыс жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасы ғимараттар мен құрылысжайлардың сенімділігі мен орнықтылығын техникалық тексеру қорытындысымен расталған негізгі көтергіш және қоршау конструкциялары бойынша орындалған жұмыс көлемдерін қоспағанда, бүкіл жоба бойынша толық көлемде жүргізіледі.

Аяқталмаған құрылыс объектілері немесе өз бетінше салынған құрылыстар бойынша құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу кезінде орындалған жұмыстар көлемінің құны ғимараттар мен құрылысжайлардың сенімділігі мен орнықтылығын техникалық тексеру қорытындысына сәйкес айқындалады.

66. Сараптамалық қорытындыда ғимараттар мен құрылысжайлардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық тексеру қорытындысын берген тұлғаның нөмірі, күні және атауы көрсетіледі.

4 тарау. Ерекше реттеуді және қала құрылысы регламенттеуін талап ететін жекелеген құрылыс объектілерін салуға жобалау-сметалық құжаттаманы кезең-кезеңмен әзірлеудің және келісудің жеке жоспарларын әзірлеу және келісу тәртібі

67. Ерекше реттеуді және қала құрылысы регламенттеуін талап ететін жекелеген құрылыс объектілерін тапсырыс берушінің жазбаша өтініші бойынша сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

68. Ерекше реттеуді және қала құрылысы регламенттеуін талап ететін жекелеген объектілердің құрылысына ЖСҚ кезең-кезеңмен әзірлеу мен келісудің жеке жоспары (бұдан әрі – Жеке жоспар) тек ЖСҚ үшін бір сатылы жобалау кезінде ("жұмыс жобасы" - ЖЖ) мынадай құрылыс объектілері бойынша әзірленеді:

Ерекше реттеуді және қала құрылысын регламенттеуді талап ететін жекелеген құрылыс объектілерін салуға ЖСҚ-ны кезең-кезеңімен әзірлеу мен келісудің жеке жоспары (бұдан әрі – Жеке жоспар) іске асырылуы Президенттің және (немесе) Үкіметтің шешімімен (тапсырмасымен) негізделген мынадай құрылыс объектілері бойынша бір сатылы жобалау кезінде ("жұмыс жобасы" - ЖСҚ) ғана әзірленеді Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) төтенше жағдайлардың салдарына байланысты тіршілікті қамтамасыз ету;
- 2) бірегей;
- 3) жауапкершіліктің бірінші деңгейіне жататын, құрылыс ұзақтығы кемінде 36 (отыз алты) ай болатын;
- 4) мемлекеттік инвестициялар есебінен қаржыландырылатын Маңғыстау облысының аумағындағы туризм.

Төтенше жағдайлардың салдарына байланысты тіршілікті қамтамасыз ету объектілері деп – ғимараттарды, құрылысжайларды, технологиялық қондырғылар мен агрегаттарды пайдалану тоқтатылған (тоқтатылған) кезде елді мекендер мен

аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарының қызметі бұзылатын тұрғын үйлер, денсаулық сақтау және білім беру, телекоммуникациялар, байланыс, газбен жабдықтау, энергиямен жабдықтау, жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау және су бұру ғимараттары мен құрылыстары түсініледі.

69. Көлік және инженерлік инфрақұрылымның желілік объектілерінің ғимараттары мен құрылыстарының жобалары, қолданыстағы ғимараттар мен құрылысжайларды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын, түзетілген ЖСҚ және екінші және үшінші жауапкершілік деңгейіндегі құрылыс объектілерін өзгерту жөніндегі жобалар бойынша Жеке жоспарлар әзірленбейді.

70. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган қаралып отырған құрылыс объектісін ерекше реттеуді және қала құрылысы регламенттеуін талап ететін жекелеген құрылыс объектілеріне жатқызу туралы шешім қабылдағаннан кейін тапсырыс беруші мыналарды қамтитын Жеке жоспарды әзірлейді:

1) ЖСҚ әзірлеу кезеңдері мен мерзімдері және келісулерді алу (келісуші ұйымдарды көрсете отырып), кесте қоса беріледі;

2) мемлекеттік сараптама ұйымымен келісілген кесте қоса беріле отырып, ЖСҚ-ны құрылыс жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасына ұсыну мерзімдері мен көлемдері;

3) әрбір кезең бойынша кезең-кезеңмен жергілікті сараптамалық қорытындылар беру мерзімдері;

4) сараптаманың жиынтық қорытындысын беру мерзімі;

5) құрылыс салу және келісулерді, рұқсаттарды (келісуші ұйымдарды көрсете отырып) алу мерзімдері, кесте қоса беріле отырып;

6) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды хабардар ету;

7) тапсырыс беруші айқындаған өзге де іс-шаралар.

71. Жеке жоспарды қарау үшін тапсырыс беруші Жеке жоспардың жобасын, бастапқы материалдар мен рұқсат беру құжаттамасын, келісулерді, болжамды техникалық-экономикалық параметрлерді көрсете отырып нобайлық жобаны, құрылысты ұйымдастыру жобасын, ЖСҚ кезең-кезеңімен әзірлеудің күнтізбелік жоспар-кестесін және объекті құрылысының мерзімдерін ұсынады.

72. Осы тарау сақталған кезде Жеке жоспар мемлекеттік сараптама ұйымымен 10 (он) жұмыс күні ішінде келісілуге және сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы уәкілетті органның ведомствосы оны енгізген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде бекітуге тиіс.

73. Ұсынылатын бастапқы материалдарды және (немесе) тізбесі осы Қағидаларға 8-қосымшада көзделген рұқсат беру құжаттарын қоспағанда, ерекше реттеуді және қала

құрылысын регламенттеуді талап ететін жекелеген құрылыс объектілерін салуға арналған ЖСҚ бойынша құрылыс жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасына материалдарды ұсыну және қабылдау осы Қағидалардың 2-тарауының 1-параграфына сәйкес жүзеге асырылады.

74. Құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу, ЖСҚ кезең-кезеңімен әзірлеу мемлекеттік сараптама ұйымы мен тапсырыс беруші арасында тұтас жобаға арналған Жеке жоспардың шарттарын ескере отырып жасалатын шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

75. Құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу кезеңдерінің саны қорытынды кезеңді қоса алғанда төрттен аспауға тиіс.

76. Жобалаудың әрбір кезеңіндегі сметалық құн объектілік сметаларды (объектілік сметалық есептерді), сондай-ақ осы кезеңдегі жұмыстар мен шығындардың жиынтық сметалық есебін жасай отырып, жергілікті сметалар (жергілікті сметалық есептер) бойынша анықталады және жергілікті сараптамалық қорытындыларда көрсетіледі.

Жергілікті сараптамалық қорытындыны беру кезінде жиынтық сметалық есепте III бөлімнің "Инжинирингтік қызметтер" шығындары құрылыстағы баға белгілеу жөніндегі мемлекеттік нормативтік құжатқа сәйкес белгіленеді, шығындардың ең төменгі нормативтік лимиті бойынша қабылданады.

Жергілікті сараптамалық қорытындылар бойынша жобалаудың әрбір кезеңінің құндық көрсеткіштері соңғы кезеңде құрылыс бойынша шығындар қорытындысында ескеріледі.

Жиынтық сараптамалық қорытынды беру кезінде жергілікті сараптамалық қорытынды шеңберінде жергілікті және объектілік сметалар бойынша барлық құндық көрсеткіштер жиынтықталады және түзетуге жатпайды. Бұл ретте құрылыста баға белгілеу жөніндегі мемлекеттік нормативтік құжатқа сәйкес жиынтық сметалық есептің III "Инжинирингтік қызметтер" бөлімінің шығындары қайта есептеледі.

77. Жеке жоспарға сәйкес келмейтін ЖСҚ кезең-кезеңмен әзірлеуді құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптамаға ұсынған жағдайда, мемлекеттік сараптама ұйымы ЖСҚ-ны қараусыз қайтарады.

ЖСҚ түзетілуге және жаңа түзетілген қайта бекітілген Жеке жоспарға сәйкес қайта ведомстводан тыс кешенді сараптамаға келесі жағдайларда ұсынылуға жатады:

ЖСҚ-ны сараптамаға ұсыну мерзімдері мен көлемдерінің бұзылуы;
кезеңдердің бірінде беру, теріс қорытынды.

78. Әрбір кезең, оның ішінде қорытынды (жиынтық) кезең бойынша сараптама жүргізу мерзімі тиісті кезеңдегі сараптамалық жұмыстар басталған күннен бастап 45 (қырық бес) жұмыс күнінен аспайды және Жеке жоспармен белгіленеді:

1) сарапшылар жұмыс басталған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде құрылыс жобасының барлық бөлімдерін қарайды және қолданыстағы заңнаманың және

нормативтік-техникалық құжаттардың тармақтарына, баптарына сілтеме жасай отырып, негізді және дәлелді ескертулерді тапсырыс берушіге жібереді;

2) құрылыс жобасы бойынша сарапшылардың ескертулері берілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тапсырыс беруші оларға толық көлемде жауаптардың берілуін қамтамасыз етеді;

3) ескертулерді жою мерзімі аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сарапшылар тапсырыс беруші ұсынған ескертулерге жауаптарды және оларды жою жөніндегі материалдарды қарауды жүзеге асырады;

4) қалған 10 (он) жұмыс күні ішінде Порталға құжаттаманы қосымша жүктеу мүмкіндігімен құрылыс жобасының сметалық құжаттамасын тексеру, сондай-ақ жергілікті (аралық кезеңдерде) немесе жиынтық (қорытынды кезеңде ұсынылған және қаралған жобалық құжаттаманың толық жиынтығы бойынша) сараптамалық қорытындыны дайындау, ресімдеу және қол қою жүзеге асырылады.

79. Әрбір кезеңде құрылыс жобасының жиынтығы бойынша алынған оң жергілікті сараптамалық қорытындылар тиісті кезеңде бір мезгілде құрылыс жүргізу мүмкіндігі үшін тапсырыс берушінің жобаның осы бөлігін бекітуіне негіз болып табылады.

Қорытынды кезеңде бұрын берілген жергілікті сараптамалық қорытындыларды қамтитын жиынтық сараптамалық қорытынды шығарылады.

80. Сараптама қорытындыларын кері қайтарып алу және сараптамалық жұмыстарды тоқтату осы Қағидалардың 2-тарауының 5-параграфына сәйкес жүзеге асырылады.

5-тарау. Сараптамалық сүйемелдеу режимінде құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптаманы жүзеге асыру

81. Құрылыс жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасы тапсырыс берушінің шешімі бойынша келесі объектілер мен кешендер бойынша сараптамалық сүйемелдеу режимінде кезең-кезеңімен жүзеге асырылады:

1) "Төтенше жағдай туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес енгізілген Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссияның шешімінде көзделген;

2) туристік қызмет саласындағы уәкілетті органның ұсынысы және сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша жеке инвестициялар есебінен қаржыландырылатын Маңғыстау облысының аумағындағы туризм;

3) Алматы облысы Алатау қаласының құрылыс нысандарына қатысты инвестициялық жобалар.

82. Құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптаманы сараптамалық сүйемелдеу режимінде мемлекеттік сараптама ұйымы әрбір кезең бойынша бөлек жүргізеді.

Әрбір кезеңге құрылыс жобасына сараптаманың соңғы кезеңін қоспағанда, құрылыс жобасының тиісті бөлімдері (бөліктері) бойынша жергілікті сараптамалық қорытынды беріледі.

Соңғы кезеңде құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптаманың жиынтық сараптамалық қорытындысы беріледі.

Қорытынды кезенді қоса алғанда, сараптама жүргізу кезеңдерінің саны төрттен аспауы тиіс.

83. Сараптамалық сүйемелдеу режимінде келесі құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізілмейді:

1) қолданыстағы ғимараттар мен құрылысжайларды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын өзгертуді болжайтын жобалар;

2) түзетілген ЖСҚ;

3) аумақты абаттандыру объектілері;

4) бірыңғай кешен әзірлейтін объектілерді қоспағанда, инженерлік және көліктік инфрақұрылымның желілік объектілері.

84. Материалдарды ведомстводан тыс кешенді құрылыс жобаларына сараптамалық сүйемелдеу режимінде сараптамаға ұсыну және қабылдау осы Қағидалардың 2-тарауының 1-параграфына сәйкес жүзеге асырылады, осы Қағидаларға 8-қосымшада көзделген ұсынылатын бастапқы материалдарды және (немесе) рұқсат беру құжаттарын қоспағанда.

85. Сараптамалық сүйемелдеу режимінде құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге арналған шартқа (бұдан әрі - Шарт) тараптармен келісілген міндетті қосымша кесте болып табылады:

Тапсырыс берушінің жобалық құжаттама жиынтығын кезең кезеңімен ұсыну күні;

жергілікті сараптамалық қорытындылар берілген күндер;

ЖСҚ материалдарының қорытынды жиынтығын ұсыну күні;

жиынтық сараптамалық қорытындының берілген күні.

Кесте Тапсырыс берушінің құрылыс жобасын алдыңғы кезеңнің сараптама жұмыстары басталған күннен бастап 25 (жиырма бесінші) жұмыс күнінен ерте емес келесі кезеңге ұсынуын ескере отырып жасалады.

86. Құрылыс жобасына ведомстводан тыс кешенді сараптамаға ЖСҚ Шартта көрсетілген мерзімнен кеш ұсынылған жағдайда, Шарт тапсырыс берушінің келісімі бойынша түзетіледі.

Құрылыс жобасына ведомстводан тыс кешенді сараптамаға ЖСҚ Шартта көрсетілген мерзімнен кеш ұсынылған жағдайда, Шарт тапсырыс берушінің келісімі бойынша түзетіледі.

87. Әрбір кезеңдегі ЖСҚ сметалық құны объектілік сметалық есептеулерді, сондай-ақ осы кезеңнің жұмыстары мен шығындарына жиынтық сметалық

есептеулерді жасай отырып, жергілікті сметалық есептеулер бойынша анықталады және жергілікті сараптамалық қорытындыларда көрсетіледі.

Жергілікті сараптамалық қорытындыны беру кезінде жиынтық сметалық есепте III бөлімнің "Инжинирингтік қызметтер" шығындары құрылыстағы баға белгілеу жөніндегі мемлекеттік нормативтік құжатқа сәйкес белгіленеді, шығындардың ең төменгі нормативтік лимиті бойынша қабылданады.

Жергілікті қорытындылар бойынша жобалаудың әрбір кезеңінің құндық көрсеткіштері соңғы кезеңде құрылыс бойынша шығындар жиынтығында ескеріледі.

Жиынтық сараптамалық қорытындыны беру кезінде жергілікті сметалық есептер мен жергілікті қорытынды шеңберіндегі объектілік сметалық есептер бойынша барлық құндық көрсеткіштер жинақталады және түзетуге жатпайды. Жиынтық сметалық есептің "Инжинирингтік қызметтер" III бөлімінің шығындары құрылыстағы баға белгілеу жөніндегі мемлекеттік нормативтік құжатқа сәйкес қайта есептеледі.

88. Сараптамалық сүйемелдеу режимінде құрылыс жобасына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу мемлекеттік сараптама ұйымымен жасалатын шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

Құрылыс жобасының тиісті кезеңі бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптаманы жүргізу ұзақтығы келесі мерзімдерден аспайды:

1) үшінші жауапкершілік деңгейіне жататын құрылыс объектілерін салу жобалары бойынша - сараптама жұмыстары басталған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні;

2) бірінші және екінші жауапкершілік деңгейлеріне жататын құрылыс объектілерін салу жобалары бойынша - сараптама жұмыстары басталған күннен бастап 45 (қырық бес) жұмыс күні.

89. Сараптамалық сүйемелдеу режимінде ведомстводан тыс кешенді сараптаманың рұқсат етілген шекті ұзақтығы 30 (отыз) жұмыс күні болған кезде қарастыру осы Қағидалардың 32-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

90. Сараптамалық сүйемелдеу режимінде ведомстводан тыс кешенді сараптаманың рұқсат етілген шекті ұзақтығы 45 (қырық бес) жұмыс күні болған кезде қарастыру осы Қағидалардың 33-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

91. Жергілікті оң сараптамалық қорытындылар (қорытынды кезеңнен басқа) тапсырыс берушінің жобаның осы бөлігін аралық бекітуіне негіз болып табылады.

92. Сараптамалық қорытындыларды кері қайтарып алу және сараптамалық жұмыстарды тоқтату осы Қағидалардың 2-тарауының 5-параграфына сәйкес жүзеге асырылады.

93. Егер шарттың қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату бұған дейін қабылданған жобалық шешімдердің немесе сараптама мақұлдаған жобалық шешімдерден немесе материалдардан ауытқулармен орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының негізделген өзгерістерімен байланысты болса (конструкциялар, бұйымдар, құрылғылар, жабдықтар), онда бұрын берілген жергілікті сараптамалық

қорытындыларды сараптаманы орындаушы кері қайтарып алады, ал бұл туралы ақпарат осы жоба бойынша барлық қатысушылардың, сондай-ақ жобалау ұйымы мен жобаланатын объектінің орналасқан жері бойынша мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдарының назарына жеткізіледі.

Жаңа ғимараттар мен құрылысжайларды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарактандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған жобаларға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларына I-қосымша

Жаңа ғимараттар мен құрылысжайларды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салу жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасына ұсынылатын бастапқы материалдар мен рұқсат беру құжаттарының тізбесі

Тапсырыс берушінің жаңа ғимараттар мен құрылысжайларды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салу жобаларының ведомстводан тыс кешенді келесі бастапқы материалдар мен рұқсат беру құжаттары қоса беріледі:

1. Жаңа ғимараттар мен құрылысжайларды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салу үшін жоба әзірлеуге негіз болатын бастапқы материалдар мен рұқсат беру құжаттары:

1) тапсырыс берушінің жобаны инвестициялау туралы инвестициялық циклдің жоспарланған мерзімдері мен тұтастай ұзақтығы көрсетілген шешімі;

2) жергілікті атқарушы органдардың жер учаскесін (алаңды, трассаны) пайдалануға рұқсаты немесе жер учаскесіне құқық белгілейтін құжат, келесі жағдайларды қоспағанда:

егер инженерлік және көлік инфрақұрылымы объектісі (сызықтық нысандар) мемлекеттік орман қоры жерлерінде орналасқан болса - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 18-02/45 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10481 тіркелген) Орман қоры жері санатынан орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерге ауыстыру қағидаларына сәйкес орман қоры жерлерін бір санаттан екінші санатқа ауыстыруды мақұлдау туралы комиссияның оң қорытындысы;

егер су шаруашылығы құрылысжайларын салу және олардың жұмыс істеуі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы, қорғаныс

мұқтаждықтары объектілерін салу, орналастыру және олардың жұмыс істеуі объектілері оларды орналастырудың ықтимал өзге нұсқалары болмаған кезде ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орналасса – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 ақпандағы № 172 қаулысымен бекітілген Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін босалқы жерге ауыстыру және босалқы жерді қайтадан ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жеріне ауыстыру қағидаларына сәйкес ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның келісімі;

егер инженерлік және көлік инфрақұрылымы объектісі (желілік объектілер) мемлекеттік табиғи қаумалдар мен мемлекеттік қорық аймақтарының аумағында орналасса – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 11 мамырдағы № 399 қаулысымен бекітілген Республикалық және жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи қаумалдар мен республикалық маңызы бар мемлекеттік қорық аймақтарын тарату және олардың аумақтарын азайту ережесіне сәйкес ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның келісімі;

3) құрылыс алаңын қамтитын аумақты егжей-тегжейлі жоспарлаудың (ЕТЖЖ) қолданыстағы жобасы;

4) елді мекеннің қазіргі бас жоспары;

5) мемлекеттік нормативтік құжаттарға сәйкес орындалған, жобалау үшін қажетті құрылыс алаңының (жер учаскесі мен коммуникацияларды төсеу трассаларының шекараларындағы) инженерлік ізденістерінің материалдары;

б) техникалық шарттар (трассалардың схемаларымен):

пайдаланушы ұйымдар беретін инженерлік және көліктік қамтамасыз ету көздеріне қосылуға;

меншік иелері беретін жобаланатын инженерлік немесе көліктік коммуникациялардың қолданыстағы желілік құрылысжайлармен немесе трасса бойындағы тоннельдермен және көпірлік құрылысжайлармен қиылысуына;

7) сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі жергілікті атқарушы орган (республикалық маңызы бар қала, астана, облыстық маңызы бар қалалар, аудандар) берген сәулет-жоспарлау тапсырмасы;

8) республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың сәулет және қала құрылысы істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдарымен келісілген эскиздік жобалар;

9) тапсырыс беруші бекіткен жобалау тапсырмасы;

10) жеке құрылыс жобалары бойынша жүзеге асырылатын, инвестициялар көлемі жүз миллион айлық есептік көрсеткіштен асатын өндірістік мақсаттағы техникалық жағынан күрделі объектілер немесе инженерлік немесе көлік инфрақұрылымының желілік құрылысжайлары үшін тиісті салаға басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісілген жобаланатын объектінің қуат бірлігінің инвестициялық құнының көрсеткіші ұсынылады;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында және сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы, сондай-ақ қауіпті өндірістік объектілердің өнеркәсіптік қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік нормативтік құжаттарда көзделген құрылысқа арналған жобаны өзге де келісу;

12) Қазақстан Республикасында қолданыста жоқ мемлекеттік немесе мемлекетаралық нормативтерді алмастыратын бірегей объектіні салу жобасын әзірлеу үшін арнайы техникалық шарттар (ерекше нормалар). Сейсмикалық аймақтарда жобалау және құрылыс үшін, бірегей объектілер үшін Қазақстан Республикасында қолданыстағы сейсмикаға төзімді құрылыс жөніндегі мемлекеттік немесе мемлекетаралық нормативтерде көзделмеген жобалау шешімдерін регламенттейтін арнайы техникалық шарттар (ерекше нормалар) ұсынылады;

13) жалпы мемлекеттік немесе мемлекетаралық маңызы бар объектілерді салу жобалары үшін оның негізінде құрылыс жобасы әзірленген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі ұсынылады;

14) әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін қызметті жүзеге асыруға рұқсат (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 12 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген Әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін қызметті жүзеге асыруға рұқсат беру қағидаларында көрсетілген объектілер үшін) немесе осы рұқсаттың қажеттілігі жоқ екендігі туралы хат;

15) мемлекеттік нормативтік құжаттарға сәйкес жобалау (жобалау-іздістіру) жұмыстары құнының есебі;

16) тапсырыс беруші бекіткен прайс-парақтар бойынша, бір өлшем бірлігінің бағасы көрсетіліп қосымша берілген, жобада қолданылатын материалдар, бұйымдар, конструкциялар, инженерлік және технологиялық жабдықтар, басқа да материалдық ресурстардың тізбесі;

17) қазақстандық мазмұнды ескере отырып негізгі құрылыс материалдарына, бұйымдарына, конструкциялары мен жабдықтарына қажеттіліктің жиынтық тізімдемесі

18) құрылыстағы баға белгілеу жөніндегі мемлекеттік нормативтік құжаттың 8-қосымшасында бекітілген нысанға сәйкес материалдық ресурстар мен жабдықтардың жиынтық ведомесі;

19) сумен жабдықтаудың жерүсті және (немесе) жерасты көздерінің, сондай-ақ су құбыры құрылыстарының санитарлық қорғау аймағын белгілеу бойынша жобаны келісу;

20) жобаланатын объектіден 1000 метр радиуста сібір жарасы жерленген жерлердің және сібір жарасының топырақ ошақтарының жоқтығы туралы хат;

21) дозиметриялық бақылау хаттамалары және топырақ бетінен радонның бөліну деңгейі.

2. Құрылысқа арналған жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуді, келісуді және құрамын регламенттейтін мемлекеттік нормативтік құжатқа сәйкес орындалған құрылыс жобасы.

Объектінің беріктігін, орнықтылығын және сенімділігін қамтамасыз етуді талдау үшін құрылыс жобасының бастапқы материалдары құрылыс жобасының конструктивтік бөлігі, инженерлік желілері, жүйелері мен жабдықтары бойынша есептеулерді, сондай-ақ төтенше жағдай туындаған кезде адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жобалық шешімдердің есептік негіздемесін қамтиды.

3. Сараптамаға ұсынылған жаңа ғимараттар мен құрылысжайларды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салу жобасын әзірлеуге жұмылдырылған Тапсырыс беруші мен жобалау ұйымы және өзге де жеке немесе заңды тұлғалар туралы ақпарат:

- 1) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, салықтар және басқа да міндетті төлемдер туралы заңнамада көзделген Тапсырыс берушінің құжаттарының көшірмелері;
- 2) Тапсырыс берушінің банктік деректемелері;
- 3) заңды тұлғаның лицензиясы – жобалау қызметінің осы түріне құқық беретін, оған қосымшаларымен және лицензиат санатын көрсете отырып, құрылыс жобасын әзірлеуге жұмылдырылған жобалау ұйымы және өзге де жеке немесе заңды тұлғалар.

Жаңа ғимараттар мен
құрылысжайларды, олардың
кешендерін, инженерлік және
көлік коммуникацияларын
салуға, сондай-ақ бұрыннан
барын өзгертуге
(реконструкциялауға, кеңейтуге,
техникалық қайта
жарақтандыруға, жаңғыртуға
және күрделі жөндеуге)
арналған жобаларға
ведомстводан тыс кешенді
сараптама жүргізу қағидаларына
2-қосымша

Қолданыстағы ғимараттар мен құрылысжайларды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салу реконструкциялау, кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасына ұсынылатын бастапқы материалдардың және (немесе) рұқсат беру құжаттарының тізбесі

Тапсырыс берушінің қолданыстағы ғимараттар мен құрылысжайларды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын реконструкциялау, кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге арналған өтініміне (оның деректемелерін көрсете отырып) мынадай бастапқы материалдардың және (немесе) рұқсат беру құжаттарының жиынтығы қоса беріледі:

1. Қолданыстағы ғимараттар мен құрылысжайларды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын реконструкциялау, кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру жобаларын әзірлеу үшін негіз болып табылатын бастапқы материалдар және (немесе) рұқсат беру құжаттары:

1) тұтастай алғанда инвестициялық циклдің жоспарланған мерзімдерін көрсете отырып, жобаны инвестициялау туралы тапсырыс берушінің шешімі;

2) қолданыстағы ғимараттар мен құрылысжайлардың немесе олардың элементтерінің физикалық жай-күйін, сенімділік және орнықтылық дәрежесін техникалық тексеру қорытындылары немесе немесе құбырды тексеру туралы есеп (құбыршілік тексеру);

3) объектінің немесе оның элементтерінің (бөліктерінің) жай-күйіне жүргізілген техникалық тексеру нәтижелері бойынша тапсырыс беруші бекіткен ақау актілері;

4) инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету көздеріне қосымша қосуға техникалық шарттар;

5) қолданыстағы объектінің сыртқы келбетін (фасадтарын) өзгерту және (немесе) аумағын қайта жоспарлау шартымен сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі жергілікті атқарушы орган (республикалық маңызы бар қала, астана, облыстық маңызы бар қалалар, аудандар) берген сәулет-жоспарлау тапсырмасы;

6) қолданыстағы объектілерді реконструкциялау (кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру) жобасының бекітілген тапсырмасы;

7) әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін қызметті жүзеге асыруға рұқсат немесе осы рұқсаттың қажеттігінің жоқтығы туралы хат;

8) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерімен эпидемиялық маңызы бар объектілердің санитариялық-қорғау аймақтарын қысқарту бөлігінде түзету жөніндегі жобаны келісу,

9) дозиметриялық бақылау хаттамалары және топырақ бетінен радонның бөліну деңгейі;

10) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің ауыз сумен жабдықтаудың жерасты және жерүсті көздерін санитариялық қорғау аймақтарының, сондай-ақ су құбыры құрылыстарының жобалары бойынша санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы.

Қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын реконструкциялау, кеңейту, жаңғырту және техникалық қайта жарақтандыру жобалары бойынша бастапқы материалдардың құрамына осы Қағидалардың 1-қосымшасында келтірілген бастапқы материалдар енгізіледі.

2. Құрылысқа арналған жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуді, келісуді және құрамын регламенттейтін мемлекеттік нормативтерге сәйкес орындалған қолданыстағы ғимараттар мен құрылысжайларды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын реконструкциялау, кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру жобасы.

Объектінің беріктігін, орнықтылығын және сенімділігін қамтамасыз етуді талдау үшін құрылыс жобасының бастапқы материалдары құрылыс жобасының конструктивтік бөлігі, инженерлік желілері, жүйелері мен жабдықтары бойынша есептеулерді, сондай-ақ төтенше жағдай туындаған кезде адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жобалық шешімдердің есептік негіздемесін қамтиды.

3. Тапсырыс беруші мен жобалау ұйымы және қолданыстағы ғимараттар мен құрылысжайларды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын реконструкциялау, кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру жобасын әзірлеуге тартылған өзге де жеке немесе заңды тұлғалар туралы сараптамаға ұсынылған ақпарат:

1) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, салықтар және басқа да міндетті төлемдер туралы заңнамада көзделген Тапсырыс беруші құжаттарының көшірмелері;

2) Тапсырыс берушінің банктік деректемелері;

3) заңды тұлғаның лицензиясы – жобалау қызметінің осы түріне құқық беретін, оған қосымшаларымен және лицензиат санатын көрсете отырып, құрылыс жобасын әзірлеуге тартылған жобалау ұйымы және өзге де жеке немесе заңды тұлғалар.

Жаңа ғимараттар мен
құрылысжайларды, олардың
кешендерін, инженерлік және
көлік коммуникацияларын
салуға, сондай-ақ бұрыннан
барын өзгертуге
(реконструкциялауға, кеңейтуге,
техникалық қайта
жарақтандыруға, жаңғыртуға
және күрделі жөндеуге)
арналған жобаларға
ведомстводан тыс кешенді
сараптама жүргізу қағидаларына
3-қосымша

Қолданыстағы ғимараттар мен құрылысжайларды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын күрделі жөндеу жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптамаға ұсынылатын бастапқы материалдар тізбесі

Тапсырыс берушінің қолданыстағы объектілерді күрделі жөндеу жобалары бойынша бірыңғай портал арқылы ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге арналған өтініміне (оның деректемелерін көрсете отырып) мынадай құжаттама қоса беріледі:

1. Қолданыстағы ғимараттар мен құрылысжайлардың, кешендердің, инженерлік және көлік коммуникацияларының бөліктерін күрделі жөндеу жобаларын әзірлеуге негіз болған бастапқы материалдар:

1) тұтастай алғанда инвестициялық циклдің жоспарланған мерзімдерін көрсете отырып, жобаны инвестициялау туралы тапсырыс берушінің шешімі;

2) қолданыстағы ғимараттар мен құрылысжайлардың немесе олардың элементтерінің физикалық жай-күйін, сенімділік және орнықтылық дәрежесін техникалық тексеру қорытындысы немесе немесе құбырды тексеру туралы есеп (құбырышылық тексеру);

3) объектінің немесе оның элементтерінің (бөліктерінің) жай-күйіне жүргізілген техникалық тексеру нәтижелері бойынша тапсырыс беруші бекіткен ақау актілері;

4) күрделі жөндеу жобасын әзірлеуге тапсырыс беруші бекіткен тапсырма;

5) топырақ бетінен радонның бөліну деңгейлері мен дозиметрлік бақылау хаттамалары (тұрғын үйлер мен әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы ғимараттар үшін).

Қолданыстағы объектілерді күрделі жөндеу жобалары бойынша бастапқы материалдардың құрамына осы Қағидалардың 1-қосымшасында келтірілген бастапқы материалдар енгізіледі.

2. Құрылысқа жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуді, келісуді және құрамын регламенттейтін мемлекеттік нормативтерге сәйкес орындалған қолданыстағы объектіні күрделі жөндеу жобасы.

Объектінің беріктігін, орнықтылығын және сенімділігін қамтамасыз етуді талдау үшін құрылыс жобасының бастапқы материалдары құрылыс жобасының конструктивтік бөлігі, инженерлік желілері, жүйелері мен жабдықтары бойынша есептеулерді, сондай-ақ төтенше жағдай туындаған кезде адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жобалық шешімдердің есептік негіздемесін қамтиды.

3. Сараптамаға ұсынылған күрделі жөндеу жобасын әзірлеуге жұмылдырылған Тапсырыс беруші мен жобалау ұйымы және өзге де жеке немесе заңды тұлғалар туралы ақпарат:

1) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, салықтар және басқа да міндетті төлемдер туралы заңнамада көзделген Тапсырыс берушінің құжаттарының көшірмелері;

2) Тапсырыс берушінің банктік деректемелері;

3) заңды тұлғаның лицензиясы – жобалау қызметінің осы түріне құқық беретін, оған қосымшаларымен және лицензиат санатын көрсете отырып, құрылыс жобасын әзірлеуге тартылған жобалау ұйымы және өзге де жеке немесе заңды тұлғалар.

Жаңа ғимараттар мен
құрылысжайларды, олардың
кешендерін, инженерлік және
көлік коммуникацияларын
салуға, сондай-ақ бұрыннан
барын өзгертуге
(реконструкциялауға, кеңейтуге,

техникалық қайта
жаратандыруға, жаңғыртуға
және күрделі жөндеуге)
арналған жобаларға
ведомстводан тыс кешенді
сараптама жүргізу қағидаларына
4-қосымша

Жобалық шешімдерді өзгертпестен бұрын бекітілген сметалық құжаттаманың құнын ұлғайтуды көздейтін жобалар үшін құрылыс жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасына ұсынылатын бастапқы материалдар тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (ерекше бөлігі) 655-бабы 3-тармағына сәйкес мердігер жүгінген кезде құрылыс ресурстары құнының ұлғаюы себебінен шарт жасасу күніне келтірілген бұрын бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманың құны кемінде он пайызға ұлғайған кезде ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге тапсырыс берушінің құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кестесінен мердігердің кінәсінен артта қалушылық болмаған кезде жобалық шешімдерді өзгертпестен сметаны қайта қарастыру туралы өтініміне (оның деректемелерін көрсете отырып) бастапқы материалдардың келесі жиынтығы қоса беріледі:

1) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 655-бабының 3-тармағына сәйкес жобалық шешімдерді өзгертпестен сметаны қайта қарауды жүргізу туралы мердігердің жолданым хаты;

2) жобалық (техникалық) шешімдерді өзгертпей сметалық құжаттаманы түзету тапсырмасы;

3) бюджеттік инвестициялық жобалар, сондай-ақ өзге де мемлекеттік инвестициялық жобалар бойынша қосымша тиісті бюджеттік комиссияның шешімі ұсынылады.

4) объектілерді өзге де қаражат есебінен іске асыру кезінде тапсырыс берушінің бірінші басшысы не бірінші басшы уәкілеттік берген тұлға қол қойған, қымбаттаудың болжамды (шекті) сомасы көрсетілген қосымша қаржыландыру туралы құжат ұсынылады;

5) тапсырыс беруші бекіткен техникалық және авторлық қадағалаулармен келісілген орындалған және қалдық физикалық жұмыс көлемдерінің бөлу ведомосы;

6) құрылыстағы баға белгілеу бойынша мемлекеттік нормативтік құжаттардың ережелеріне сәйкес орындалған сметалық құжаттама;

7) бұрын берілген ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысы және бекітілген сметалық құжаттама.

2. Тапсырыс берушінің (оның деректемелерін көрсете отырып) мемлекеттік инвестициялар есебінен объектілерді салу кезінде ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге арналған өтініміне олар бойынша құрылыс ұйымының жобасында

белгіленген жұмыстардың жоспарланған басталу күнінен бастап бір жыл өткеннен кейін конкурстық рәсімдер жүргізілмеген және құрылыс-монтаждау жұмыстарына қаржыландыру көзделмеген келесі бастапқы материалдар жиынтығы қоса беріледі:

1) бұрын бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманың жобалау шешімдерін өзгертпей сметалық құжаттаманы түзету туралы жобалауға арналған тапсырма;

2) жобаны іске асыру үшін өткізілген конкурстық рәсімдердің және қаржыландырудың жоқтығы туралы Тапсырыс берушінің хаты;

3) бұрын берілген ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысы және бекітілген сметалық құжаттама;

4) бұрын бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманың жобалау (техникалық) шешімдерін өзгертпей түзетілген сметалық құжаттама;

5) тапсырыс берушінің объект құрылысының басталу мерзімі туралы хаты;

6) құрылыс ұзақтығын және инвестициялар жиналымдарын жылдар бойынша есептеу.

3. Жобалық шешімдерді өзгертпей бұрын бекітілген сметалық құжаттаманың құнын ұлғайтуды көздейтін жобалар үшін бастапқы материалдардың құрамына осы Қағидалардың 1, 2 және 3 қосымшаларында белгіленген құрылыс түріне байланысты бастапқы материалдар енгізіледі.

4. Сараптамаға ұсынылған құрылыс жобасын әзірлеуге жұмылдырылған Тапсырыс беруші мен жобалау ұйымы және өзге де жеке немесе заңды тұлғалар туралы ақпарат:

1) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, салықтар және басқа да міндетті төлемдер туралы заңнамада көзделген Тапсырыс берушінің құжаттарының көшірмелері;

2) Тапсырыс берушінің банктік деректемелері;

3) заңды тұлғаның лицензиясы – жобалау қызметінің осы түріне құқық беретін, оған қосымшаларымен және лицензиат санатын көрсете отырып, құрылыс жобасын әзірлеуге жұмылдырылған жобалау ұйымы және өзге де жеке немесе заңды тұлғалар;

4) мемлекеттік нормативтік құжатқа сәйкес орындалған жобалау (жобалау-іздігіру) жұмыстарының құнын есептеу;

5) Тапсырыс беруші бекіткен ақпараттық құжаттар жобасында қолданылатын материалдар, бұйымдар, конструкциялар, инженерлік және технологиялық жабдықтар, өзге де материалдық ресурстар, оларды қоса бере отырып және олардың бір өлшем бірлігі үшін бағасын көрсетілген тізбесі.

Жаңа ғимараттар мен
құрылысжайларды, олардың
кешендерін, инженерлік және
көлік коммуникацияларын
салуға, сондай-ақ бұрыннан
барын өзгертуге
(реконструкциялауға, кеңейтуге,
техникалық қайта
жарактандыруға, жаңғыртуға

Бұрын бекітілген жобалық шешімдерді өзгертуді көздейтін жобалар үшін құрылыс жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасына ұсынылатын бастапқы материалдар және (немесе) рұқсат беру құжаттарының тізбесі

Бұрын бекітілген жобалық шешімдерді өзгертуді көздейтін жобалар үшін ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге тапсырыс берушінің өтініміне (оның деректемелерін көрсете отырып) келесі бастапқы материалдардың және (немесе) рұқсат беру құжаттарының жиынтығы қоса беріледі:

1. Бұрын бекітілген жобалық шешімдерді өзгертуді көздейтін жобалар үшін құрылыс жобасын әзірлеу үшін негіз болып табылатын бастапқы материалдар және (немесе) рұқсат беру құжаттары:

1) тұтастай алғанда инвестициялық циклдің жоспарланатын мерзімдері мен ұзақтығын көрсете отырып, жобаны инвестициялау туралы тапсырыс берушінің шешімі;

2) келесі жағдайларды қоспағанда, жергілікті атқарушы органдардың жер учаскесін (аланды, трассаны) пайдалануға рұқсаты немесе жер учаскесіне құқық белгілейтін құжат:

егер инженерлік және көліктік инфрақұрылым объектісі (желілік объектілер) мемлекеттік орман қоры жерлерінде орналасса – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 18-02/45 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10481 болып тіркелген) бекітілген Орман қоры жері санатынан орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерге ауыстыру қағидаларына орман қоры жерлерін бір санаттан екінші санатқа ауыстыруды мақұлдау туралы комиссияның оң қорытындысы;

егер су шаруашылығы құрылысжайларын салу және олардың жұмыс істеуі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы, қорғаныс мұқтаждықтары объектілерін салу, орналастыру және олардың жұмыс істеуі объектілері оларды орналастырудың ықтимал өзге нұсқалары болмаған кезде ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орналасса – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 ақпандағы № 172 қаулысымен бекітілген Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін босалқы жерге ауыстыру және босалқы жерді қайтадан ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жеріне ауыстыру қағидаларына сәйкес ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның келісімі;

егер инженерлік және көлік инфрақұрылымы объектісі (желілік объектілер) мемлекеттік табиғи қаумалдар мен мемлекеттік қорық аймақтарының аумағында орналасса – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 11 мамырдағы № 399 қаулысымен бекітілген Республикалық және жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи қаумалдар мен республикалық маңызы бар мемлекеттік қорық аймақтарын тарату және олардың аумақтарын азайту ережесіне сәйкес ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның келісімі;

3) жобалау үшін қажетті, мемлекеттік нормативтік құжаттарға сәйкес орындалған құрылыс алаңының (жер учаскесі мен коммуникациялар тарту трассасының шекараларындағы) инженерлік ізденістерінің материалдары;

4) техникалық шарттар (трассалардың схемаларымен):

пайдаланушы ұйымдар беретін инженерлік және көліктік қамтамасыз ету көздеріне қосылуға;

меншік иелері беретін жобаланатын инженерлік немесе көліктік коммуникациялардың қолданыстағы желілік құрылысжайлармен немесе трасса бойындағы тоннельдермен және көпірлік құрылысжайлармен қиылысуына;

5) аумақты инженерлік дайындау, абаттандыру және көгалдандырудың келісілген шарттарын қоса алғанда, сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі жергілікті атқарушы орган (республикалық маңызы бар қала, астана, облыстық маңызы бар қалалар, аудандар) берген сәулет-жоспарлау тапсырмасы;

6) республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың сәулет және қала құрылысы істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдарымен келісілген эскиздік жобалар;

7) жобалық шешімдерді түзету туралы жобалауға тапсырма;

8) Бюджеттік инвестициялық жобалар, сондай-ақ өзге де мемлекеттік инвестициялық жобалар бойынша тиісті бюджеттік комиссияның шешімі ұсынылады;

9) жобаның бөлімдері (бөліктері) бойынша жобалық (техникалық) шешімдерге енгізілетін өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың салыстырмалы кестесі;

10) Тапсырыс беруші бірінші басшысының (бірінші басшыны алмастыратын лауазымды адамның) қолы қойылған, құнның өзгеру себептерін көрсете отырып, сметалық құжаттаманы түзетуге дейінгі және кейінгі құн көрсеткіштерінің салыстырмалы кестесі;

11) егер ЖСҚ-ны түзету мен қайта бекіту қажеттілігі құрылыс процесінде туындаған жағдайларда, онда құрылыстың жай-күйі туралы мәліметтер, тапсырыс беруші бекіткен, техникалық қадағалаумен және авторлық сүйемелдеумен расталған орындалған және қалдық физикалық жұмыс көлемдерінің бөлу ведомосы ұсынылады;

12) құрылыстың есептік немесе сметалық құнын қоса алғанда, бекітуге ұсынылатын техникалық-экономикалық көрсеткіштер бөлігінде өзгерістер және (немесе)

толықтырулар енгізілетін бұрын бекітілген құрылыс жобасы бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптаманың қорытындысы;

13) бұрын бекітілген жобаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттігін растайтын өзге де бастапқы материалдар;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында және сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы, сондай-ақ қауіпті өндірістік объектілердің өнеркәсіптік қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік нормативтік құжаттарда көзделген құрылысқа арналған жобаны өзге де келісу;

15) Қазақстан Республикасында қолданыста жоқ мемлекеттік немесе мемлекетаралық нормативтерді алмастыратын бірегей объектіні салу жобасын әзірлеу үшін арнайы техникалық шарттар (ерекше нормалар). Сейсмикалық аймақтарда жобалау және құрылыс үшін, бірегей объектілер үшін Қазақстан Республикасында қолданыстағы сейсмикаға төзімді құрылыс жөніндегі мемлекеттік немесе мемлекетаралық нормативтерде көзделмеген жобалау шешімдерін регламенттейтін арнайы техникалық шарттар (ерекше нормалар) ұсынылады.

16) жалпы мемлекеттік немесе мемлекетаралық маңызы бар объектілерді салу жобалары үшін құрылыс жобасы әзірленген негізде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі ұсынылады;

17) әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін қызметті жүзеге асыруға рұқсат немесе осы рұқсаттың қажеттігінің жоқтығы туралы хат.

18) Мемлекеттік нормативтік құжатқа сәйкес орындалған жобалау (жобалау-іздігі) жұмыстарының құнын есептеу;

19) тапсырыс беруші бекіткен прайс-парақтар бойынша, бір өлшем бірлігінің бағасы көрсетіліп қосымша берілген, жобада қолданылатын материалдар, бұйымдар, конструкциялар, инженерлік және технологиялық жабдықтар, басқа да материалдық ресурстардың тізбесі;

20) қазақстандық мазмұнды ескере отырып, негізгі құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялары мен жабдықтары қажеттілігінің жиынтық ведомосі;

21) құрылыстағы баға белгілеу жөніндегі мемлекеттік нормативтік құжаттың 8-қосымшасында бекітілген нысанға сәйкес материалдық ресурстар мен жабдықтардың жиынтық ведомосі;

22) сумен жабдықтаудың жерүсті және (немесе) жерасты көздерінің, сондай-ақ су құбыры құрылыстарының санитарлық қорғау аймағын белгілеу жөніндегі келісу;

23) жобаланатын объектіден 1000 метр радиуста сібір жарасы жерленген жерлердің және сібір жарасының топырақ ошақтарының жоқтығы туралы хат;

24) дозиметриялық бақылау хаттамалары және топырақ бетінен радонның бөліну деңгейі.

3. Құрылысқа жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуді, келісуді және құрамын регламенттейтін мемлекеттік нормативтерге сәйкес орындалған құрылыс жобасы.

Объектінің беріктігін, орнықтылығын және сенімділігін қамтамасыз етуді талдау үшін құрылыс жобасының бастапқы материалдары құрылыс жобасының конструктивтік бөлігі, инженерлік желілері, жүйелері мен жабдықтары бойынша есептеулерді, сондай-ақ төтенше жағдай туындаған кезде адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жобалық шешімдердің есептік негіздемесін қамтиды.

4. Сараптамаға ұсынылған құрылыс жобасын әзірлеуге жұмылдырылған Тапсырыс беруші мен жобалау ұйымы және өзге де жеке немесе заңды тұлғалар туралы ақпарат:

1) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, салықтар және басқа да міндетті төлемдер туралы заңнамада көзделген Тапсырыс берушінің құжаттарының көшірмелері;

2) Тапсырыс берушінің банктік деректемелері;

3) заңды тұлғаның лицензиясы – жобалау қызметінің осы түріне құқық беретін, оған қосымшаларымен және лицензиат санатын көрсете отырып, құрылыс жобасын әзірлеуге жұмылдырылған жобалау ұйымы және өзге де жеке немесе заңды тұлғалар.

Жаңа ғимараттар мен
құрылысжайларды, олардың
кешендерін, инженерлік және
көлік коммуникацияларын
салуға, сондай-ақ бұрыннан
барын өзгертуге
(реконструкциялауға, кеңейтуге,
техникалық қайта
жаратандыруға, жаңғыртуға
және күрделі жөндеуге)
арналған жобаларға
ведомстводан тыс кешенді
сараптама жүргізу қағидаларына
б-қосымша

Аяқталмаған құрылыс объектілері немесе өз бетінше салынған ғимараттар бойынша құрылыс жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасына ұсынылатын бастапқы материалдар және (немесе) рұқсат беру құжаттарының тізбесі

Тапсырыс берушінің (оның деректемелерін көрсете отырып) аяқталмаған құрылыс объектілері немесе өз бетінше салынған ғимараттар бойынша құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге арналған өтініміне келесі құжаттама қоса беріледі:

1. Объектілер, аяқталмаған құрылыс немесе өз бетінше салынған ғимараттар бойынша құрылыс жобаларын әзірлеу үшін негіз болған бастапқы материалдар және (немесе) рұқсат беру құжаттары:

1) тұтастай алғанда инвестициялық циклдің жоспарланатын мерзімдерін көрсете отырып, жобаны инвестициялау туралы Тапсырыс берушінің шешімі;

2) құрылысы бюджеттен тыс қаражат есебінен жүзеге асырылатын аяқталмаған құрылыс объектілері бойынша немесе өз бетінше құрылыс салу объектілері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны белгіленген

талаптарға сәйкес келтіру туралы Жергілікті атқарушы органның шешімі немесе оны белгіленген талаптарға сәйкес келтіру туралы заңды күшіне енген сот актісі ұсынылады ;

3) құрылысы бюджет қаражаты есебінен толық немесе ішінара жүзеге асырылатын аяқталмаған құрылыс объектілері үшін аяқталмаған құрылыс объектілерінің мемлекеттік тізілімінде болу міндетті.

4) аяқталмаған құрылыс немесе өз бетінше салынған ғимараттар жай-күйі туралы мәліметтерді, оның ішінде техникалық тексеру кезінде құрылыс-монтаждау жұмыстарының нақты орындалған көлемі, олардың құндық бағасы туралы деректерді (құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау кезеңіндегі нақты қаржылық шығындар туралы деректер) қамтитын ғимараттар мен құрылысжайлардың сенімділігі мен орнықтылығын техникалық тексеру жөніндегі қорытынды;

5) объектілер, аяқталмаған құрылыс немесе өз бетінше салынған ғимараттар бойынша жобаны әзірлеуге тапсырыс беруші бекіткен тапсырма;

6) жобаланатын объектіден 1000 метр радиуста сібір жарасы жерленген жерлердің және сібір жарасының топырақ ошақтарының жоқтығы туралы хат;

7) дозиметриялық бақылау хаттамалары және топырақ бетінен радонның бөліну деңгейі.

8) қымбаттауды болжайтын бюджеттік инвестициялық жобалар, сондай-ақ өзге де мемлекеттік инвестициялық жобалар бойынша тиісті бюджет комиссиясының шешімі қосымша ұсынылады.

Объектілерді өзге қаражат есебінен жүзеге асыру кезінде тапсырыс берушінің бірінші басшысы не бірінші басшы уәкілеттік берген тұлға қол қойған бағаның болжамды (шекті) сомасы көрсетілген қосымша қаржыландыру туралы құжат ұсынылады.

Объектінің беріктігін, орнықтылығын және сенімділігін қамтамасыз етуді талдау үшін құрылыс жобасының бастапқы материалдары құрылыс жобасының конструктивтік бөлігі, инженерлік желілері, жүйелері мен жабдықтары бойынша есептеулерді, сондай-ақ төтенше жағдай туындаған кезде адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жобалық шешімдердің есептік негіздемесін қамтиды.

Құрылысы аяқталмаған немесе өз бетінше салынған объектілер бойынша осы Қағидалардың 1-қосымшасында келтірілген бастапқы материалдар енгізіледі.

2. Сараптамаға ұсынылған құрылыс жобасын әзірлеуге жұмылдырылған тапсырыс беруші мен жобалау ұйымы және өзге де жеке немесе заңды тұлғалар туралы ақпарат:

1) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, салықтар және басқа да міндетті төлемдер туралы заңнамада көзделген Тапсырыс берушінің құжаттарының көшірмелері;

2) Тапсырыс берушінің банктік деректемелері;

3) заңды тұлғаның лицензиясы – жобалау қызметінің осы түріне құқық беретін, оған қосымшаларымен және лицензиат санатын көрсете отырып, құрылыс жобасын әзірлеуге жұмылдырылған жобалау ұйымы және өзге де жеке немесе заңды тұлғалар.

Жаңа ғимараттар мен
құрылысжайларды, олардың
кешендерін, инженерлік және
көлік коммуникацияларын
салуға, сондай-ақ бұрыннан
барын өзгертуге
(реконструкциялауға, кеңейтуге,
техникалық қайта
жаратандыруға, жаңғыртуға
және күрделі жөндеуге)
арналған жобаларға
ведомстводан тыс кешенді
сараптама жүргізу қағидаларына
7-қосымша

Құрылыс жобасына көзделген түзетудің орындылығы мен негізділігін анықтау үшін құжаттар мен материалдар тізбесі

Құрылыс жобасын көзделген түзетудің орындылығы мен негізділігін қарастыру үшін келесі құжаттар мен материалдар ұсынылады:

1) Тапсырыс берушінің (бюджеттік бағдарлама әкімшісінің, инвестордың) қолы қойылған, оның бірінші басшысының (бірінші басшыны алмастыратын лауазымды адамның) қолы қойылған өтінім-хат нысанындағы келесілерді қамтитын ақпарат:

сапалық және сандық көрсеткіштерде жобалық шешімдерге (конструктивтік, көлемдік-жоспарлау, инженерлік-техникалық, технологиялық немесе экономикалық) енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар;

жобалық шешімдерге енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар бойынша негіздемелер;

құрылыс жобасын толық іске асыру үшін қажет болатын қосымша қаржылық шығыстардың алдын ала белгіленген мөлшері;

2) тапсырыс берушінің мөрімен расталған бірінші басшының (бірінші басшыны алмастыратын лауазымды тұлғаның) қолы қойылған, құрылыс құнын ұлғайтуды көздейтін жобалардың бөлімдері (бөліктері) бойынша жобалық шешімдерге енгізілетін өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың салыстырмалы кестесі;

3) құрылыстың есептік немесе сметалық құнын қоса алғанда, бекітуге ұсынылатын техникалық-экономикалық көрсеткіштер бөлігінде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілетін бұрын бекітілген құрылыс жобасы бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптаманың қорытындысы;

4) бұрын бекітілген жобаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттігін растайтын өзге де бастапқы құжаттар.

Жаңа ғимараттар мен

құрылысжайларды, олардың
кешендерін, инженерлік және
көлік коммуникацияларын
салуға, сондай-ақ бұрыннан
барын өзгертуге
(реконструкциялауға, кеңейтуге,
техникалық қайта
жарактандыруға, жаңғыртуға
және күрделі жөндеуге)
арналған жобаларға
ведомстводан тыс кешенді
сараптама жүргізу қағидаларына
8-қосымша

Ерекше реттеуді және қала құрылысын регламенттеуді талап ететін жекелеген объектілердің құрылысына жобалау-сметалық құжаттаманың ведомстводан тыс кешенді сараптамасына және сараптамалық сүйемелдеу режимінде жүргізілетін жобалау-сметалық құжаттаманың сараптамасына ұсынылатын бастапқы материалдардың және (немесе) рұқсат беру құжаттарының тізбесі

1. Тапсырыс берушінің өтінім хаты, онда мынадар көрсетіледі:
жобаның атауы;
жобалаушы ұйым;
тапсырыс берушінің деректемелері (заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы заңнамада көзделген тапсырыс беруші құжаттарының көшірмелері; банктік деректемелер);
жобалау және құрылыс мерзімдері;
қабылданған жобалық шешімдердің тапсырыс берушімен келісілгені.
2. Жер учаскесіне құқық белгілейтін құжат.
3. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі жергілікті атқарушы орган (республикалық маңызы бар қала, астана, облыстық маңызы бар қалалар, аудандар) берген, аумақты инженерлік дайындаудың, абаттандыру мен көгалдандырудың келісілген шарттарын қоса алғанда, сәулет-жоспарлау тапсырмасы, онда мыналар көрсетіледі:
ғимараттар мен құрылысжайлардың қабаттылығы;
жобалау құжаттамасын (эскиздік жобаны, бас жоспарды) келісу қажеттілігі.
4. Құрылыс алаңы бойынша (жер учаскесінің шекарасында және коммуникациялар трассаларын жүргізу бойында) инженерлік ізденістер есептері, оның ішінде топографиялық түсірілім материалдары және іздестіру қызметіне лицензия қоса берілген геологиялық және гидрогеологиялық ізденістер деректері.
5. Техникалық шарттар (трассалар схемаларымен бірге) (объектінің функционалдық мақсаты бойынша):

1) пайдаланушы ұйымдар беретін инженерлік және көліктік қамтамасыз ету көздеріне қосылуға:

жылумен жабдықтау;

сумен жабдықтау және кәріз;

электрмен жабдықтау;

телефондандыру;

жаңбыр кәрізі;

газбен жабдықтау;

2) жобаланатын инженерлік немесе көліктік коммуникациялардың қолданыстағы желілік құрылыстармен не трасса бойындағы тоннельдер және көпір құрылыстарымен қиылысуына – меншік иелері беретін шарттар.

6. Тапсырыс берушімен және жергілікті сәулет және қала құрылысы органымен келісілген эскиздік жоба.

7. Тапсырыс беруші бекіткен (күні көрсетілген) жобалауға тапсырма.

8. Арнайы техникалық шарттар (ерекше нормалар) (бірегей объектілерді салу жобалары үшін).

9. Уәкілетті органдардың келісімі (объектінің функционалдық мақсаты бойынша):

ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның;

азаматтық және мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның (биіктігі 45 метр және одан жоғары әрі әуеайлақтан 15 километр шегінде орналасқан объектілер бойынша);

Қазақстан Республикасының заңнамасында және сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік-техникалық құжаттарда көзделген құрылыс жобасын өзге де келісулер.

10. Бекітілген инвестициялық ұсыныс.

11. Қолда бар деректер мен болжамды параметрлер негізінде әзірленген құрылысты ұйымдастыру жобасы.

12. Ведомстводан тыс кешенді сараптаманың құрамына осы Қағидалардың 1-қосымшасында көзделген бастапқы материалдар енгізіледі.

13. Әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін қызметті жүзеге асыруға рұқсат немесе мұндай рұқсаттың қажет еместігі туралы хат.

Қазақстан Республикасының

Өнеркәсіп және құрылыс

министрінің

2026 жылғы 15 мамырдағы

№ 240 Бұйрыққа 2 қосымша

Күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан

барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарактандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 299 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10722 тіркелген).

2. "Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңаларын салуға, сондай-ақ бұрыннан бар үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарактандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамасына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 299 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 372 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11070 тіркелген).

3. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 17 шілдедегі № 477 бұйрығымен өзгерістер мен толықтыру енгізілетін кейбір бұйрықтары тізбесінің 1-тармағы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15385 тіркелген).

4. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 26 ақпандағы № 135 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің өзгерістер мен толықтыру енгізілетін кейбір бұйрықтары тізбесінің 3-тармағы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16499 тіркелген).

5. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының 2018 жылғы 4 тамыздағы № 557 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтары тізбесінің 1-тармағы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17512 тіркелген).

6. "Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарактандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық

экономика министрінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 299 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 7 маусымдағы № 375 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18814 тіркелген).

7. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі міндетін атқарушының 2020 жылғы 17 наурыздағы № 142 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20169 тіркелген).

8. "Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жаратандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 299 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушысының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 162 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20242 тіркелген).

9. "Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жаратандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 299 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 232 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20485 тіркелген).

10. "Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жаратандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 299 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 шілдедегі № 418 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21039 тіркелген).

11. "Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 299 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушысының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 693 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22010 тіркелген).

12. "Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 299 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 29 қаңтардағы № 39 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22150 тіркелген).

13. "Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 299 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 26 сәуірдегі № 195 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22626 тіркелген).

14. "Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 299 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Индустрия және

инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушысының 2021 жылғы 6 тамыздағы № 423 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23905 тіркелген).

15. "Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 299 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушысының 2021 жылғы 21 қазандағы № 546 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24856 тіркелген).

16. "Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 299 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушысының 2023 жылғы 10 қаңтардағы № 15 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31710 тіркелген).

17. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" тізбесінің 2-тармағына өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 31 қаңтардағы № 61 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31827 тіркелген).

18. "Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 299 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Индустрия және

инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушысының 2023 жылғы 3 ақпандағы № 77 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31895 тіркелген).

19. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" тізбесінің 2-тармағына өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушысының 2023 жылғы 29 мамырдағы № 392 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32623 тіркелген).

20. "Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 299 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің міндетін атқарушысының 2023 жылғы 6 қазандағы № 22 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33539 тіркелген).

21. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" тізбесінің 2-тармағына өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 171 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33841 тіркелген).

22. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің міндетін атқарушысының 2024 жылғы 4 сәуірдегі № 118 бұйрығының 1-тармағының 1) тармақшасы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34228 тіркелген).

23. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2024 жылғы 1 қазандағы № 343 бұйрығының 1-тармағының 2) тармақшасы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35196 тіркелген).

24. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" тізбесінің 2-тармағына өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 17 шілдедегі № 266 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36474 тіркелген).

25. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" тізбесінің 3-тармағына өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 02 қыркүйектегі № 341 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36808 тіркелген).

26. "Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 299 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 30 желтоқсандағы № 561 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 37806 тіркелген).